

"Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің құрылғанына 20 жыл толу құрметіне арналған мерекелік медаль туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 1105 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің құрылғанына 20 жыл толу құрметіне арналған мерекелік медаль туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы
Қарулы Қүштерінің құрылғанына
20 жыл толу құрметіне арналған мерекелік медаль туралы**

Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің құрылғанына 20 жыл толу құрметіне
Қ А У Л Ы **Е Т Е М И Н :**

1. «Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштеріне 20 жыл» мерекелік медалі
тағайындалсын.

2. *Қоса беріліп отыраған:*

1) «Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштеріне 20 жыл» мерекелік медалімен
наградтау *қағидасы*;

2) «Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштеріне 20 жыл» мерекелік медалінің
сипаттамасы *бекітілсін*.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

H. Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2011

жылғы

№

— —

Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

— — — — —

«Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштеріне 20 жыл»

мерекелік медалімен наградтау

ҚАҒИДАСЫ

1. Осы Қағида «Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштеріне 20 жыл» мерекелік медалімен (бұдан әрі - мерекелік медаль) наградтау тәртібін реттейді.

2. Мерекелік медальмен қызметі бойынша оң сипатталатын және 2012 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштерінде әскери қызметте тұратын, өз әскери борышын үлгілі орындайтын әскери қызметшілер және Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштерін құруға елеулі үлес қосқан басқа да адамдар нағрадталады.

3. Мерекелік медальмен наградтау туралы өтініштерді ұсыну және қарау тәртібін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындейды.

4. Мерекелік медальді тапсыруды Қазақстан Республикасы Президентінің атынан:

1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;

2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитетінің төрағасы және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарлары;

3) Қорғаныс министрлігі құрылымдық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштері бас басқармаларының бастықтары, әскер түрлерінің бас қолбасшылары, әскер тектерінің, өңірлік қолбасшылықтарының қолбасшылары;

4) әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары), әскери оку орындары мен жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары жүргізеді.

Наградталған адамға медальмен бірге белгіленген үлгідегі куәлік табыс етіледі.

5. Мерекелік медальді тапсыру салтанатты жағдайда өткізіледі және наградталатын адамның жеке өзіне тапсырылады. Тапсыру алдында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің наградтау туралы бұйрығы жарияланады.

6. Мерекелік медаль кеуденің сол жағына тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болған кезде олардан кейін орналастырылады.

7. Мерекелік медальдің табыс етілгені туралы наградтауға арналған тізімге тиісті жазба жасалады.

Табыс етілмеген медальдар мен оларға куәліктер қайтарылу себептері көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаментіне қайтарылады, ол туралы тізімдерге тиісті белгі жасалады.

Откізілген наградтауларды есепке алу, сондай-ақ мерекелік медальдарды табыс ету барысы туралы есептілікті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаменті жүргізеді.

Қазақстан

Президентінің

Республикасы

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

№

Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

«Қазақстан Республикасының Қарулы Құштеріне 20 жыл»

мерекелік медалінің

СИПАТТАМАСЫ

«Қазақстан Республикасының Қарулы Құштеріне 20 жыл» мерекелік медалі жезден жасалады және диаметрі 34 мм шеңбер нысанында болады.

Медальдің алдыңғы бетінде қызыл түсті тегіс екі қырлы сәулелі бес бұрышты дөңес жұлдыз, күн мен қалықтап ұшқан қыран орналастырылған. Жұлдыздың айналасында үлттық өрнек бейнелеңген.

Медальдің сыртқы бетінде айнала күні көрсетілген «Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері 1992 - 2012» деген жазу орналастырылады, ортасында «20 жыл» деген жазу орналастырылған.

Медальдағы барлық бейнeler мен жазулар дөңес. Медальдің шеті ернеумен жиектелген.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы қатқыл жібек лентамен тысталған, ені 34 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанға жалғанады. Лентаның ортасында ені 2 мм алтын түстес үш жолақ, олардың арасында ені 2 мм екі қызыл түсті жолақ орналастырылады, алтын түстес жолақтардың жиектерінде ені 9 мм көгілдір түсті жолақтар орналастырылған. Лентаның жиектерінде ені 2 мм жасыл түсті жолақтар бар. Лентаның ені - 32 мм.

Медаль киімге түйреуіш арқылы бекітіледі.